

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі - Қор) ішкі аудитордың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы қайта хабарлайды.

Біліктілік талаптары:

1) бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржы, және/немесе экономика салаларында жоғары кәсіптік білім;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп саласындағы жұмыс тәжірибесі кемінде бес жыл;

3) дипломы бар ішкі аудитор сертификатының (CIA/IFA) және/немесе сертификатталған бухгалтерлердің алқаби қауымдастығының (ACCA) сертификатының және/немесе аудит және/немесе есепке алу саласындағы біліктілігінің болуы;

4) Әдеп кодексін, сапа стандарттарын және Халықаралық ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc.) белгілеген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарын білу және түсіну;

5) қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын білуі;

6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді білу.

Қызметтік міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қордың ішкі құжаттары талаптарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Қор органдарының шешімдерінің орындалуын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

2) Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларының іске асырылу, оның ішінде қаражаттың нысаналы пайдаланылу аудиті;

3) бухгалтерлік есеп жүйесінің анықтығын, толықтығын, объективтілігін және қаржылық есептіліктің және Қордың қаржы-шаруашылық қызметі туралы басқа да ақпараттың сенімділігін бағалау;

4) алаяқтық жасау тәуекелін және Қордағы алаяқтық тәуекелін басқару тиімділігін бағалау;

5) Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) бағалау;

6) Қордың электрондық ақпараттық жүйелерінің сенімділігін бағалау;

7) Қордың құрылымдық бөлімшелері қызметінің аудиті және Қордың құрылымдық бөлімшелеріне аудит (тексерулер) нәтижелері бойынша жұмысты жақсарту жөнінде тиімді және пәрменді ұсынымдар беру;

8) Қордың Қамқоршылық кеңесіне, Басқармасына, құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды ұйымдастыру және жетілдіру, тәуекелдерді басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша (осы салалардағы ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда), сондай-ақ ішкі аудитор құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша консультациялар беру;

9) Қамқоршылық Кеңестің тиісті шешімі негізінде Қамқоршылық кеңестің Төрағасы немесе мүшелері бастамашылық жасаған жоспардан тыс аудиторлық тапсырмаларды жүргізу;

10) Қордың сыртқы аудитор ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асыру;

11) белгіленген тәртіппен берілген ішкі аудитор ұсынымдарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

12) өз құзыреті шегінде ішкі аудиторға жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты – құжаттар 2022 жылдың 7 қарашаға дейін ұсынылуы тиіс (6 қараша сағат 24:00 дейін)

Конкурсқа қатысушы:

- түйіндеме;

- жұмыс тәжірибесін, білімі мен біліктілігін растайтын құжаттардың көшірмелерін;

- уәждемелік хатты ұсынады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат, ұсыным хаттар беруге құқылы.

Құжаттар [hr@qazaqstanhalqyna.kz](mailto:hr@qazaqstanhalqyna.kz) электронды поштасына жіберіледі.